Ақылды шам
Mi Smart LED Bulb Essential MJDPL01YL

Пайдаланушы нұсқаулығы



## Техникалық сипаттамалары

Орнату жөніндегі нұсқаулық

Үлгісі: MJDPL01YL Түпше: E27

Номиналды қуаты: 9 Вт.

Жарық ағыны: 950 лм

Қуат көзі параметрлері: 220-240 В ~ 50/60 Гц 0,07 А

Түс температурасы диапазоны: 1700-6500 К

Сымсыз қосылу:

Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n, 2,4 ГГц

Қызмет мерзімі: шамамен 25 000 сағ.

Жұмыс температурасы: -10 - +40 °C

Жұмыс ылғалдылығы: 0 % - 85 %

Өлшемдері: φ 55 * 120 мм

Жиіліктердің жұмыс диапазоны: 2412-2472 МГц

Максималды шығыс қуаты: 17,41 дБм

## Тағайындалуы

Ақылды шам кеңістікті жарықтандыруға арналған, сонымен қатар реттелетін жарықтық және интеллектуалды басқару сияқты функциялары бар.





## Орнату нұсқаулары

### 01 Шамды орнату
Шамды орнатып, қуат көзін қосыңыз.




**Ескертпелер:**

1. Шамды орнату, шешіп алу немесе тексеру кезінде, қуат көзінің өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Бұйымға зақым келтірмеу үшін оны диммерлері бар шамдарға орнатпаңыз (мысалы, дөңгелек жарықтық реттегіші бар үстел шамдарына)
3. Өнімді ылғалдылығы жоғары бөлмеде пайдаланбаңыз.
4. Шамды нашар желдетілетін тар шамшырақтарға орнатпаңыз, өйткені бұл сигналдардың өтуін нашарлатуы немесе жылуды бұрып әкету проблемаларына әкелуі мүмкін.





### 02 Mi Home / Xiaomi Home қосымшасына қосылыңыз

Өнім Mi Home/Xiaomi Home қосымшасымен жұмыс істейді*. Өз құрылғыңызды басқарыңыз және осы қосымшадағы басқа үй құрылғыларымен бірге пайдаланыңыз.

Қосымшаны жүктеу және орнату үшін, QR-кодын сканерлеңіз. Егер қосымша орнатылған болса, сіз қосылу теңшеулері парақшасына бағытталасыз. Немесе қосымшаны жүктеу және орнату үшін, App Store дүкенінен «Mi Home/Xiaomi Home» сұратуы бойынша іздеңіз.

Mi Home/Xiaomi Home қосымшасын ашыңыз, жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» басып, құрылғыны қосу бойынша нұсқауларды орындаңыз.

*Еуропада қосымша «Xiaomi Home" деп аталады (Ресейден басқа). Сіздің құрылғыңызда көрсетілген қосымша атауы әдепкі бойынша қабылдануы керек.

Ескертпе: Қосымшаның нұсқасы жаңартылған болуы мүмкін. Қосымшаның ағымдағы нұсқасына арналған нұсқауларды орындаңыз.





## Өнімнің ерекшелігі

- Wi-Fi желісіне қосылу
- Дауыспен басқару
- Жарықтықты реттеу (80-950 лм)
- Түс температурасын реттеу (1700-6500 К)
- Қосу мен өшіруді жоспарлау
- Қосымша арқылы интеллектуалды басқару





## Зауыттық теңшеулерді қалпына келтіру

Сөндіргіш арқылы шамды бес рет қосып-сөндіріңіз (әр қосқан-сөндірген сайын екі секундқа қосулы немесе сөндірулі күйде ұстап тұрыңыз). Шамда түрлі-түсті шеңберлер пайда болады, содан кейін теңшеулер автоматты түрде қалпына келтіріледі де, бес секундтан кейін шам ақ түспен жанады. Бұл зауыттық теңшеулер қалпына келтірілгенін білдіреді.

## Ескерту

1. Бұйымды пайдаланар алдында токтың кернеуі бұйымның жұмыс кернеуіне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз. Көрсетілген кернеуді сақтамау бүлінулер мен жарақаттарға әкелуі мүмкін.
2. Бұйымды бөлшектемеңіз, себебі жарық диодтары көзге зиян келтіруі мүмкін.
3. Жұмыс кезінде шам қызады. Егер ол тар шырағданға орнатылған болса, оны ұзақ уақытқа қоспаңыз. Шығарылған жылуды бұрып әкету үшін, жеткілікті ауа ағынын қамтамасыз етіңіз.
4. LED шамның оптикалық сәулеленуі IEC 62471-2006 стандартының «Ерекшеліктер мен талаптар» бөліміне сәйкес келеді.
5. Шам үй-жайларда ғана пайдалануға арналған.
6. Электр тогының соғуын болдырмас үшін орнатар алдында қуат көзін өшіріңіз.
7. Сумен тікелей байланысқа түсуіне жол бермеңіз.
8. Өнімді диммерлері бар шырағдандарға орнатпаңыз.





9. Ауыстырылмайтын жарық диодтары (LED) жарық көзі ретінде қызмет етеді.
10. Шамдарды ауыр шамдармен ауыстыру шамдардың тұрақтылығын төмендетуі, шамның патрондарға бекітілуін нашарлатуы, сондай-ақ оның жұмысына теріс әсер етуі мүмкін екенін ескеріңіз.

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-ден 40 °C дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққылар, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды.





- Оның орнына бұйым мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін, тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.

## Кепілді міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілді қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін авторизацияланған қызмет көрсету орталықтар аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі. Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша: https://www.dns-shop.ru/technical-support/



## Қосымша ақпарат

Өндіруші: Циндао Еелинк Информэйшн Тэкнолоджи Ко., Лтд. 10F-B4, ғим. B, Циндао халықаралық инновациялық парк, Кэюань Вэйи тасжолы №1, Лаошань ауданы, Циндао қ., Шаньдун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.
**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.
**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.
Тауар Кеден одағының техникалық регламент талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

**Өндіруші уәкілеттік берген тұлға:** «Р-ГРУПП» ЖШҚ, 123112, Ресей, Мәскеу қаласы, Пресненская набережная 10, 537 кеңсе.
Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.
**Өндіруші уәкілеттік берген тұлға:** «ЭРА» ЖШҚ, Ресей Федерациясы, Мәскеу, 127349, Шенкурский өткелі, 3Б үй, 101 кеңсе.

TM Mi
Ерекшеліктер және өнім туралы ақпарат пайдаланушыға мәлімдеусіз өзгертілуі мүмкін.
Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

V.1